

Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы ұжымы  
қызметкерлерімен өткізілген жиналыстың

## ХАТТАМАСЫ

28.11.2024 ж

№8

Жаңақорған кенті.

**ҚАТЫСҚАНДАР:** Бас дәрігердің орынбасарлары, емдеу және алдын алу үйимдарының басшылары, бөлім менгерушілері, Мемлекеттік сатып алу бөлімі, мекеме заңгері

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын кеңінен талқыладап, түсіндірме беру.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүргізілуі тиіс. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алуда пайдалы болмайтындей, үлкен қылмыс ретінде саналатындей жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерптің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бул күбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірліді.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Комплаенс офицері

Жиналыс хатшысы

Ж.Ашимов

Р.Серикбаев